

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
2018 жылғы «16» қаңтар
№ 012910 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
Сутегі асқын тотығы**

Препараттың саудалық атауы

Сутегі асқын тотығы

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Сыртқа қолдануға арналған ерітінді 3% 25 мл, 40 мл

Құрамы

100 мл ерітіндінің құрамында

белсенді зат - сутегі пероксиді (сутегі пероксидінің 30% шаққанда) - 10,0 г
қосымша заттар: натрий бензоаты, тазартылған су.

Сипаттамасы

Түссіз, мөлдір, иіссіз немесе әлсіз өзіне тән иісі бар сұйықтық

Фармакотерапиялық тобы

Антисептиктер және басқа да дезинфекциялайтын препараттар. Сутегі асқын тотығы

АТХ коды D08AX01

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Сыртқа қолдануға арналған сутегі асқын тотығының фармакокинетикасы жөніндегі деректер берілмеген.

Фармакодинамикасы

Оксиданттар тобына жататын антисептикалық дәрі. Сонымен қатар гемостатикалық әсері бар. Сутегі асқын тотығының жарақаттанған тері және шырышты қабықпен жанасқанда белсенді оттегі бөлінеді, сол кезде жара механикалық түрде тазарады және органикалық заттардың (протеиндер, қан, ірің) белсенділігі жойылады. Сутегі асқын тотығының антисептикалық әсерінің стерилизациялайтын қасиеті жоқ, оны қолданғанда микроорганизмдер саны тек уақытша азаяды. Көбіктің

молынан түзілуі тромб түзілуіне және ұсақ тамырлардан қан кетуінің тоқтауына ықпал етеді.

Қолданылуы

- беткейлік ластанған жараларды алғаш өңдеуде, жараны іріңнен тазалауда
- стоматит, баспа, гинекологиялық аурулар кезінде шырышты қабықтарды өңдеу үшін
- беткейлік жаралардан капиллярлық қан кетуді, мұрыннан қан кетуді тоқтатуда

Қолдану тәсілі және дозалары

Жараларды өңдеу үшін ерітіндіні терінің зақымданған жеріне жағады.

Шаю үшін сутегі асқын тотығының бір ас қасығын бір стақан суда ерітеді.

Зақымданған жердің аппликациясы үшін сутегі асқын тотығының ерітіндісінде суланған дәке немесе мақта тампонмен өңдейді. Емдеу ұзақтығы қол жеткізген әсерге байланысты.

Жағымсыз әсерлері

- жараны өндеген кезде күйдіруді сезіну
- аллергиялық реакциялар

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Препарат компоненттеріне жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Сутегі асқын тотығының ерітіндісі сілтілі ортада, металл тұздары, күрделі радикалдар, кейбір оксиданттар болғанда ыдырайды және белсенділігін жоғалтады.

Айрықша нұсқаулар

Ерітіндіні көзге тигізіп алмау керек.

Қуыстарды шаю үшін қолдануға болмайды. Окклюзиялық таңғыштардың астына пайдалану ұсынылмайды. Препарат жарыққа және жылуда тұрақсыз.

Жүктілік және лактация кезеңі

Қарсы көрсетілімдер жоқ.

Педиатрияда қолдану

Қарсы көрсетілімдер жоқ.

Көлік құралын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат көлікті немесе басқа да қауіптілігі зор механизмдерді басқаруға әсер етпейді.

Артық дозалануы

Артық дозалануына қатысты хабарлар түскен жоқ.

Шығарылу түрі мен қаптамасы

25 мл, 40 мл бұрандалы мойны бар, полиэтилен тығындармен тығындалған және бұралатын пластмасса қақпақтары бар шыны массадан жасалған құтыларда немесе полиэтиленнен жасалған тығындармен тығындалған бұралатын қақпақтары бар пластик құтыларда.

Сақтау шарттары

Жарықтан қорғалған жерде, 15°C-ден аспайтын температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл

Сақтау мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан, Алматы облысы, Талғар ауданы, Еркін ауылы, Б. Момышұлы к-сі, 5

Тіркеу куәлігінің иесі

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын; дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері:

«Сұлтан» ЖШС, Қазақстан Алматы обл., Талғар ауданы,

Еркін ауылы, Б.Момышұлы к-сі, 5

Тел./факс 7 727 305-48-65/80

Электрондық пошта: toosultan@list.ru